

Список литературы:

- 1 А.П.Чехов. Полное собрание сочинений и писем в 30-ти томах. Сочинения. Том 8. «Рассказ неизвестного человека» М.: "Наука", 1986–С. 130
- 2 М.Л. Гаспаров. Работы Б.И.Ярхо по теории литературы» – М.: 1969 – С. 30.
- 3 Трифонов Ю.В. Избранные произведения. В 2-х томах. Т.2. Повести. Очерки и статьи. – М., «Худож.лит.», 1978г. – С.573
- 4 Достоевский Ф.М. Подросток // Ф.М. Достоевский. Собрание сочинений в 15 томах. Л.: Наука. Ленинградское отделение, 1990. Т. 8. С. 139-692.
- 5 Булгаков М. Мастер и Маргарита. – М., Художественная литература, 1991г. – С.303
- 6 Топоров В.Н. Пространство и текст. Текст: семантика и структура. – М., 1983г. С. 227-284.
- 7 Ю.М. Лотман. Символика Петербурга и проблемы семиотики города.–С-Петербург: «Искусство–СПБ», 2002 – С768

Abstract

This article deals with the urban theme of the 20th century "urban prose". Particular attention is paid to the analysis of the motive "housing problem". Analyzed articles and essays by researchers on this issue. The analysis revealed the origins of the expression "housing problem", the motive of exchange.

Key words: urbanism, housing problem, the motive, urban prose.

ҒТАМР 16.21.21

Ж.М.Абдрахманова., А.Қуанышев

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ф.ғ.к.,
қауымд.профессор м.а.,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының магистранты
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Email:azhm63@mail.ru, k.aslanbek_1996@mail.ru

ЭТНОМӘДЕНИ ЛИНГВИСТИКА – АНТРОПОӨЗЕКТІК ҒЫЛЫМДАРДЫҢ БАСТАУЫ

Аңдатпа

Этнолингвистика өзінің бітім - болмысы, табиғаты жөнінен алғанда тарихи категория болып табылады. Себебі, ол халықтың қазіргі қалпын

емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал халықтың өткені - оның көне мәдени лексикасынан анық көрінеді.

Негізгі сөздер: лингвокультурология, этнолингвистика, когнитивная лингвистика, этногенез, антропоцентристік парадигма.

Қазақ тіл білімінің тарихи даму үдерісінде үш негізгі ғылыми парадигма белгілі. Олар: салыстырмалы – тарихи, жүйелі – құрылымдық, антропоцентрлік.

"Тіл білімі саласы басқа ғылымдар сияқты үнемі даму үдерісіндегі бағыт екені белгілі, бір қарағанда тілге байланысты зерттеулерде барлық мәселе шешілген, оның тарихи қалыптасу мәні, функциясы, яғни, барлық "сыры" ашылғандай көрінеді. Бірақ қазіргі тіл білімі саласындағы ізденістер бұл құбылыстың жаңа қырларын, бағыттарын ашты" - деп келтіреді өзінің зерттеу мақаласында ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Ж.Абдрахманова [1, 19].

«Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес саласы» (Ә.Қайдаров). Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – халқымыздың материалдық өндірістік деңгейі мен мәдени – рухани өрісін бейнелейтін ұлттық тіліміздің ұшан теңіз байлығын, кейінгі ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан асыл қазынасын барынша толық жиып көрсетіп, қыр – сырын анықтау. Этнография мен социология ғылымдарының аралығынан туындаған этнолингвистиканың қазіргі ғылыми парадигмадағы орнын алғаш болып айқындап кеткен шетел ғалымы А.Уорф болатын. Ол антропоцентристік ғылымдардың бастауы саналады.

Этнолингвистика ғылымы *этнос, этнос әлемі, этнос болмысы, этнос тілі* деген ұғым - түсініктерге аса мән береді. Ғылымда «Сепир-Уорф болжамы» деген атпен де белгілі Сепирдің тіл фактілерін этнос мәдениеті мен жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын теориясы бар. Дегенмен этномәдени лингвистика саласын жан - жақты қырынан және түрлі деңгейде зерттеп келе жатқан ғұлама ғалымдардың қатарына мыналарды жатқызамыз: В. фон Гумбольдт, В. Вундт, Г. Шухардт, Ф. де Соссюр, Бодуэн де Куртенэ. Аталған ғаламыдар әуел бастан-ақ этнолингвистиканың «Этнос болмысы мен этнос тілі» негізінде қалыптасқанын толық мойындаса да, олардың екеуара қатыстылығы мен үндестігін анықтауға келгенде ойлары бір арнаға тоғыса алмай жүргендігі белгілі. Оған себеп, этнолингвистика ғылымын біресе тарихи - мәдени негізде, біресе әлеуметтік жағдайдың көрінісі деп, оның зерттеу аймағын тарылтып, бүтіннің орнына бөлшекті алып тануы ғылымда ерекше көзге түседі. Өз ойын «халықтың салт-дәстүрі оның тілінде көрініс табады, ал тіл керісінше, сол халықтың өзін қалыптастырады» [2, 130] деп тұжырым жасаған Ф. де Соссюр этнолингвистиканы этнос тарихы мен этнос тілі тарихының өзара әсерін зерттейтін ғылым ретінде таныды. Бұл пікірді дұрыс деп тануға болады. Бірақ этнос тілінде тек қана салт-дәстүр көрініс беріп қана қоймайтынын естен шығармау керек. Сол сияқты,

этнолингвистиканы «ескілік дүниетанымды» зерттейтін ғылым деп танып, байырғы қазақ тілінің, диалектілерінен іздейді. Бұл пікірмен келісушілер қатарына орыс зерттеушілерінен Н.И. Толстой, В.Н. Топоров, В.В. Иванов, А.Ф. Журавлевтерді ерекше атауымызға болады. Сонымен бірге, түр түсінігімен шендестіріп, тіл болмысын тілдің символикалық қызметімен шектеп көрсеткісі келеді. «Этносты» «Адам» деген ұғыммен алмастыру АҚШ – та көрініс тауып отыр. Сол арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде антропология терминін қолдану үрдісі осы көзқарастың негізінде байқалып жүр. Ал саяси үдерісте этнолингвистика – күнделікті өмірде этнос тілінің жағдайын көрсетеді. Осы орайда, этнолингвистиканың барлық тіл әлеміне қатысты әмбебап ғылым ретінде толық қалыптасып, дами түсуіне кейінгі кездерде түп төркіміз түркі тілдері негізінде көбейе бастаған ғылыми ізденістер мен маңызды зерттеулердің саны көп екендігін ескерген жөн.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика ғылымының негізін академик Ә.Қайдаров қалады. Тіл жүйесінде этнолингвистикалық зерттеу жүргізуді екі жүйеде қарастырған да осы Ә.Қайдаров болатын. Олар мыналар:

1.Макрожүйе – «Табиғат», «Адам» және «Қоғам».

2.Микрожүйе – табиғи жүйе бойынша әртүрлі топтар, салалар. Нақты айтқанда, микрожүйелік құрылымның негізінде сан түрлі мәдени терминдер (зергерлік, тағам, халықтық космоним, соматикалық атаулар, антропонимдер, топонимдер, фитонимдер, халықтық наным – сенімдер мен салт – дәстүрге мал шаруашылығы, аңшылық, т.б.) арнайы этнолингвистикалық зерттеу нысаны ретінде қарастырылды. Халықтың тұрмыс – тіршілігінен көрініс беретін осы этногенездердің сырын ашу қазіргі тіл біліміндегі жаңа салалардың бірі – этномәдени лингвистиканың міндетін айқындап отыр.

Ә. Қайдар «этнос болмысы» терминіне мынадай түсініктеме береді: «Этнос болмысы – этностың сонау бала кезеңінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өміртіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани - мәдени қазынасы», ал «Тіл әлемі – этнос болмысына қатысты мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» [3, 20]. Автордың айтпақ болған ойы этнос болмысын оның тілі ғана дәл айқындай алады дейді.

Қазіргі таңда қазақ этнолингвистикасы басқа ғылым салаларымен қатар қалыптаса бастаған, әр қырлы ізденіс нәтижесінде өзіне тән ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан өз алдына дербес ғылым саласы ретінде танылып отыр.

Жаңа ғасырда жаңа теориялық – танымдық әдістемеге сәйкес тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын имманенті зерттеу жеткіліксіз болып, оны ой - санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс – тәжірибелік қызметімен байланыстыра зерттеу қажеттілігі туып отыр. Осы қажеттіліктің нәтижесінде жаңа ғылыми бағыттың және соның негізінде өз бастауын алып отыраған антропоцентристік парадигманың қалыптасып дамуын талап етіп

отыр. Бұл ғылыми парадигманың маңызы адамды тіл арқылы, немесе тілді адам арқылы зерттеу болып табылады.

Тілді тек коммуникативтік қызметтің аясында емес, сонымен қатар оны ұлттың рухани – мәдени коды ретінде қарастыратын жаңа антропоцентристік бағыттың негізін қалаушылардың бірі В.Гумбольдт болып табылады. Ғалымның теориялық еңбектеріне сүйенсек, адам өзінің парасаттық, рухани, әлеуметтік талаптарын қанағаттандыратын ұғымдар әлемін құрастыру үшін кез – келген ақпараттарды тілдік бейне арқылы алады. «Разные языки - это отнюдь не различные обозначения одной и той же вещи, а различные видения ее», - деп тұжырымдайды В.Гумбольдт.

Өз зерттеу еңбегінде профессор М.М.Копыленко: «Этностың тұрмыс – тіршілігі, қазіргі болмысы мен тарихы, оның материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері айқындалады және жете зерттеледі.» - деп анықтайды [4, 20].

Тіл – ұлттың мәдени тұрмысының бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы маңызды. Тіл арқылы ұжым мүшелерінің санасында қалыптасқан ортақ психикалық заңдылықтардың көрінуін кез-келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетінін түсінеміз. Ол ұлттың пайда болуымен байланысты тілдік, тұрмыстық - шаруашылық, шекаралық тұтастықтар секілді адам санасында қалыптасуымен байланысты. Дегенмен, елдің тарихын философиялық негізде қарастырған зерттеушілер халықтардың өздеріне ғана тән ұлттық ерекшелігін жоғары бағалай отырып, кез-келген ұлттың мәдениеті жалпы адамзаттық мәдениеттің көрнекті бір түрі, бөлігі деп қарастырады және соның көрінісін айқындайтын тілдің ерекшелігі ретінде сөздің ішкі формасына аса басымдылық танытады. Ғалым Ж. Манкеева: Сөз заттың тура таңбасы емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі. Яғни, тіл кез-келген жеке заттарды бейнелегенде, сол тілде сөйлеушіге оны қоршаған дүниенің есігін ашады, суретін салады. Мұның мәдениетке қатысты ұлттық атауларға да тікелей қатынасы бар» [5, 96], – осыған байланысты осындай пікір айтады.

"Тілдің лингвомәдениеттанымдық қырлары және әлеуметтік кеңістіктегі жағдайы" атты мақаласында Ж.Абдрахманова былай дейді: "Тіл ғылымының XX ғасырдағы зерттеулері оны жаңа сапалы белестерге көтерді. Бұл жетістіктер жалпы гуманитарлық ғылымдарға тән үрдістермен тығыс байланысты болды" [6, 87]

Әр халықтың ана тіліне тән этнолингвистикалық бірліктер сол халықтың тұрмыс - тіршілігінің жиынтығын, көп уақыт бойында қалыптасып үлгерген оның дүниетанымын, салт - дәстүрін, арман - мүддесін, рухани өмірін ашып көрсетеді.

Аннотация

Этнолингвистика является исторической категорией по своей природе, ее бытию. Потому что он изучает прошлое, а не современное состояние

населения. А прошлое народа-явно проявляется в его древней культурной лексике.

Ключевые слова: лингвокультурология, этнолингвистика, когнитивная лингвистика, этногенез, антропоцентрическая парадигма.

Abstract

Ethnolinguistics is a historical category by its nature, its existence. Because he studies the past, not the present state of the population. And the past of the people is clearly manifested in its ancient cultural vocabulary.

Key words: linguo culturology, ethnolinguistics, cognitive linguistics, ethnogenesis, anthropocentric paradigm.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ж.М.Абдрахманова. Тіл және мәдениет: Тілдің антропозектік парадигмасы Профессор Ж.Манкееваның 60 жылдығына арналған республикалық ғылыми - теориялық конференцияның материалдары. - Алматы, 2010. 19 б

2 Соссюр Ф.де. Курс общей лингвистики - Москва, 1977. 130 б

3 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы, 1995. 20 б

4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. // Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 20 б

5 Манкеева Ж. Этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. 96 б

6 Ж.М.Абдрахманова. Тілдің лингвомәдениеттанымдық қырлары және әлеуметтік кеңістіктегі жағдайы. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы - №1 (20) 2011 ж. 87 б

МРНТИ 02.01.39

А.А.Кенжебаев

Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова
г.Атырау., Республика Казахстан

E-mail: A.kenzhebayev@asu.edu.kz

АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКАЯ ФИЛОСОФИЯ ИМАДЕДДИНА НАСИМИ

Аннотация

Данная статья посвящена анализу философских идей Азербайджанского поэта и мыслителя XIV-XIVвв. Имадеддина Насими. Основное внимание в статье акцентируется на пантеистических взглядах Насими, подчеркивается, что в центре его философских воззрений находится человек и его нравственное самосовершенствование.